



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 14 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І
2012 жылғы 23 сәуір

*«Проблемалық кредиттер қоры»
АҚ құру туралы*

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған, жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын ұйым – «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-ны құрды.

Сондай-ақ заңнама нормаларының талаптарын орындау мақсатында ұйым қызметінің мәселелері бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылданды, оларда ұйым сатып алатын екінші деңгейдегі банктердің бесінші санаттағы күмәнді және үмітсіз активтеріне қатысты критерийлер айқындалған.

Нормативтік құқықтық актіге сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті қамтамасыз етуі бар резидент - заңды тұлғаларына берілген кредиттер сатып алынатын талап ету құқықтарына қатысты негізгі критерийлер болып табылады.

Қордың екінші деңгейдегі банктерден көрсетілген қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу мәселесі бойынша осы кредиттерге, оның ішінде олар бойынша кепілдік берілген қамтамасыз етуге халықаралық тәжірибесі бар ұйымдар тиісті тәуелсіз бағалау жүргізетін болады.

Бүгінгі күні тиісті тетіктерді әзірлеу үшін банктерден көрсетілген кредиттерді сатып алу бойынша пилоттық жобаны жүзеге асыру үшін уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін кредиттер бойынша екінші деңгейдегі банктерден мәліметтер жинақтау жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Кейіннен сатып алынатын кредиттер бойынша ахуалға тиісті бағалау жүргізілгеннен кейін Қор талап ету құқықтарын сатып алу жөніндегі негізгі қызметті қаржыландыру үшін бағалы қағаздар шығаратын болады.